АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«№ 2 КӨПБЕЙІНДІ ҚАЛАЛЫҚ
АУРУХАНА»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ
ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ
«ГОРОДСКАЯ МНОГОПРОФИЛЬНАЯ
БОЛЬНИЦА № 2»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНА

БҰЙРЫҚ

№130-Ө

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 16.01.2026

город Астана

«2026 жылға еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарын бір көзден алу тәсілімен сатып алуды өткізу туралы»

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 16-бабы 3-тармағының 10) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 3 қазандағы № 815 «Арнаулы дәрежеде қорғауды талап ететін баспа өнімін берушіні айқындау, сондай-ақ одан сатып алынатын осындай өнімнің тізбесін бекіту туралы» қаулысымен бекітілген тізбе бойынша арнайы қорғау дәрежесін талап ететін баспа өнімінің тауарын сатып алуды жүргізу.

2. Веб-портал арқылы баспа өнімін берушіге – «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – кәсіпорын) шарт жасасу мақсатында электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберу арқылы еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақтарды сатып алу.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың экономикалық мәселелері жөніндегі орынбасары Д.О. Қасымовқа жүктелсін.

4. Заңда көзделген мемлекеттік сатып алу қағидаттарының сақталуы үшін дербес жауапкершілікті өзіме аламын.

5. Бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Директордың міндетін атқарушы **Ю. Пак**